



13-сурет. VM-6 сүзілу көрсеткішін анықтауға арналған аспап

- 1 –сүзгіге арналған табақ, 2 – кренштейн, 3 – винт, 4 – қақпақ, 5 –  
подлон,  
6 – тор, 7 – сүзгі стаканы, 8 – ине, 9 – цилиндр, 10 – шкалалы жүк,  
11 – плунжер

Сынамаға алынған ерітінді торда 6 сүзгісі бар және қақпағы 4 жабылған сүзгі стаканына құйылады, қақпақты ашпағанша сүзілу үдерісі басылмайды. Сүзгі стаканына цилиндр 9 бекітілген, цилиндрда 0,1 МПа қысым тудыратын жүк шкаласы 10 бар плунжер 11 орналасқан. Сүзілу көрсеткішін анықтағаннан кейін, аспаптың шкаласын нөлге орнату үшін және цилиндрден майды түсіру үшін, цилиндрдің төменгі бөлігінде инемен жабылып 8 тұратын саңылау бар. Қысым пайда болғаннан кейін, қақпақ ашылып, сүзілу басталады. Сүзілу стаканында ерітінді сынамасының мөлшері сүзілу жағдайында ерітіндінің сүзілген мөлшерінен төмендейді және плунжер жүктемесінің әсерінен төмендейді. Сүзілген ерітіндінің мөлшерін см<sup>3</sup> бөлінген шкала бойынша, плунжердің орнын алмастыру арқылы анықтайды.

Сүзілу көрсеткішін 10<sup>0</sup>С температура шамасында анықтау қажет, себебі төмен температурада сазды ерітіндінің сүзілуі төмендейді. Аспаптың жинағына логарифмдік қағаздар кіреді, оның кескін келбетін 14-ші суреттен көруге болады.